

«БЕКІТЕМІН»

**«Атырау облысы Ішкі саясат
басқармасының «Азаматтық
орталығы» мемлекеттік
коммуналдық мекемесінің
басшысы Ж. Досқалиева**



2025 жыл

**Атырау облысына қарасты аудандарға «Ауыл Spark – идеялар
тоғысы» конкурсын өткізу туралы
ЕРЕЖЕ**

Конкурсты ұйымдастырушысы:

Атырау облысы Ішкі саясат басқармасының Азаматтық орталығы
коммуналдық мемлекеттік мекемесі

1. Конкурсты өткізудің жалпы тәртібі

1.1. Конкурста саяси партияларды, кәсіптік одақтарды, діни бірлестіктерді қоспағанда, Атырау облысына қарасты аудандарда тіркелген үкіметтік емес ұйымдар қатысады.

1.2. Конкурс Атырау облысына қарасты аудандардағы әлеуметтік мәселелерді шешуге бағытталған Атырау облысы аумағында іске асырылатын әлеуметтік жобаларды 15 (он бес) бағыттар бойынша анықтауды көздейді.

1.3. Үздік жобаны іске асыру ұйымдастырушының меншігінде қалады.

1.4. Байқау үш кезеңде өткізіледі:

1). Бірінші кезең - өтінімдер мен презентацияларды қабылдау (конкурстық өтінімдер мен қатысушылардың саны шектелмейді).

2). Екінші кезең – үздік 5 (бес) жобаны іріктеу мақсатында конкурстық комиссиямен өтінімдерді қарау және бағалау.

3). Үшінші кезең – үздік жобалардың жеңімпаздарын жариялау.

1.5. Бағыттар:

- Азаматтардың, ұйымдардың заңды мүдделерін мен құқықтарын қорғау
- Азаматтық қоғамды дамыту, оның ішінде үкіметтік емес ұйымдар қызметінің тиімділігін арттыруға жәрдемдесу
- Ақпарат саласы
- Білім және ғылым
- Дене шынықтыру және спорт
- Жастар саясатын қолдау және балаларды қорғау
- Қоғамдық келісімді және жалпыұлттық бірлікті нығайту
- Қоршаған ортаны қорғау

- ҚР заңнамасына қайшы келмейтін өзге де әлеуметтік маңызы бар бағыттар
- Мемлекеттік қызмет көрсету сапасына қоғамдық мониторинг жүргізу
- Мәдениетті және өнерді дамыту
- Отбасылық-демографиялық және гендерлік мәселелерді шешуге жәрдемдесу
- Салауатты өмір салтын насихаттау, денсаулықты сақтау
- Тарихи-мәдени мұраны қорғау
- Халықтың әлеуметтік осал топтарын қолдау

2. Конкурстың мақсаттары

- 2.1. Атырау облысына қарасты аудандардағы, ауылдық жердегі әлеуметтік және қоғамдық маңызы бар мәселелерін шешуде азаматтық бастамаларды анықтау.
- 2.2. Әлеуметтік сала ұйымдарының оң имиджін қалыптастыру.
- 2.3. Атырау облысына қарасты аудандардағы, ауылдық жердегі әлеуметтік қызметтер көрсететін үкіметтік емес ұйымдардың мәртебесін арттыру.
- 2.4. Аудандық, ауылдық ҰЕҰ-ға қолдау білдіру, белсенділігін арттыру, өзара тиімді ынтымақтастықты нығайту, басқа өңірдегі ҰЕҰ-мен іс-тәжірибе алмасу.

3. Конкурстық өтінімдерді беру тәртібі

- 3.1. Конкурсқа қатысу үшін белгіленген нысанға (1-қосымша) сәйкес ресімделген өтінімді ұсыну, жоба ұсыну нысандары (2-қосымша, 3-қосымша) қоса беру қажет.
- 3.2. Өтінімді электрондық мекенжайға электронды түрде ұсыну қажет: audanzhoba@gmail.com
- 3.3. Конкурстық талаптарға сәйкес келмейтін өтінімдер конкурсқа қатысуға жіберілмейді.
- 3.4. Өтінімдер қазақ немесе орыс тілдерінде қабылданады.
- 3.5. 2023-2024 жылдары Азаматтық орталық тарапынан ұйымдастырылған іссапар конкурсының аудандық жеңімпаздары жоба ұсына алмайды.

4. Конкурстық комиссияның жұмыс тәртібі

- 4.1. Конкурстық комиссия мемлекеттік қызметшілерден, ҰЕҰ өкілдерінен, қоғам белсенділерінен және т. б. тұрады.
- 4.2. Конкурстық комиссияның төрағасын конкурстық комиссияның мүшелері сайлайды.
- 4.3. Конкурстық комиссияның шешімдері түпкілікті болып табылады және қайта қарауға жатпайды.
- 4.4. Комиссияның шешімі хаттамамен рәсімделеді және оған Комиссияның барлық мүшелері қол қояды.

5. Жеңімпаздарды іріктеу критерийлері

5.1. Конкурсқа қатысуға жіберілген жобаларды конкурстық комиссия төмендегідей критерийлер бойынша 1 ден 5 ке дейінгі бағалау баллдарымен бағалайды:

- 1) жобаның әлеуметтік маңыздылығы;
- 2) өзектілігі, әлеуметтік мәселелерді шешудің инновациялық тәсілдері;
- 3) жобаның аясында ұйымдастырылатын іс-шаралар негізі мақсатты топтарға сәйкестігі;
- 4) жобаның аясында ұйымдастырылатын іс-шараларының қойылған міндеттеріне сәйкестігі;
- 5) жобаның сандық нәтижелері (қызметтер көрсету, жұмысқа орналастыру, нысаналы топтарды тарту, ақпараттық жарықтандыру және т. б.).

6. Жеңімпаздарды жариялау

- 6.1. Бағыттар бойынша 5 (бес) жеңімпаз анықталады.
- 6.2. 5 (бес) конкурс жеңімпаздары Алматы және Астана қалаларының белсенді ҰЕҰ-мен тәжірибе алмасу мақсатында іс сапарға жіберіледі.
- 6.3. Іс-сапар шығыны ұйымдастырушы тарапынан.

7. Конкурсқа өтінім беру мерзімі

- 7.1. Өтінімдер 2025 жылғы 29 қазаннан 4 қараша сағат 17:00-ге дейін қабылданады.
- 7.2. Көрсетілген мерзімнен кейін жіберілген өтінімдер есепке алынбайды.
- 7.3. Шара жеңімпазы аудандық, ауылдық аймақтардағы әлеуметтік белсенділікті арттыру және азаматтық бастамаларды қолдау мақсатында үкіметтік емес ұйымдар арасында өзара тәжірибе алмасу алаңын қалыптастырып өз өңірінде 2 шара ұйымдастыру қажет.

Ескерту: Конкурс барысында әзірленген, қолданылған барлық материалдар ұйымдастырушыға тиесілі.

- 2024 жылдың қорытындысы бойынша ҰЕҰ Дерекқорына (<https://infopro.gov.kz>) мәліметтер ұсынбаған ҰЕҰ-дар жобаға қатыса алмайды.
- Заңды мекенжайы Атырау қаласында тіркелген үкіметтік емес ұйымдар жобаға қатысуға жіберілмейді.

**Атырау облысының «Ауыл Spark – идеялар тоғысы» конкурса
қатысуға өтінім**

Занды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтамаға немесе занды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлікке сәйкес конкурса үміткердің атауы	
Мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) күні	
Занды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) анықтамасына немесе жеке куәлігіне сәйкес занды мекен жайы	
Ұйым басшысының тегі, аты, әкесінің аты, лауазымы, байланыс телефонының (оның ішінде мобильді) нөмірлері және электрондық поштасы	
Іске асырылған жобаңыздың атауы (соңғы 3 жылда)	
Сіздің қатысатын жобаңыздың бағыты	
Дерекқорға есеп тапсыру	

Толтыру күні: 20__ жылғы " __ " _____.

Лауазымы

(қолы)

Т.А.Ә.

Мөр орны (болған жағдайда)

**Атырау облысының «Ауыл Spark – идеялар тоғысы» конкурс
шеңберінде жобаны таныстыру нысандары**

Ұйымның атауы және бағыты	
Жобаның мақсаты мен міндеті	
Жобаның аудиториясы	
Шешілетін мәселенің жалпы көрінісі	
Жоба бойынша қызметтің қысқаша сипаттамасы	
Жобаның іске асырылу мерзімдері	
Жобаның сандық және сапалық индекаторлары	
Жоба серіктестері	
Жобаның қол жеткізген нәтижелері	
Жобаның іске асыру географиясы	
Жобаның жалпы бюджеті	

Толтыру күні: 20 ____ жылғы " ____ " _____.

Лауазымы

(қолы)

Т.А.Ә.

Мөр орны (болған жағдайда)

**Атырау облысының «Ауыл Spark – идеялар тоғысы» конкур
сөңберінде жобаны таныстыру нысандары**

Шығындар сметасының жобасы

№ р/н	Шығындар бабы	Өлшем бірлігі	Бірлік бағасы	Саны	Сомасы
1	2	3	4	5	6
1.					
2.					
3.					
Барлығы:					

Толтыру күні: 20__ жылғы " __ " _____.

Лауазымы

(қолы)

Т.А.Ә.

Мөр орны (болған жағдайда)